

Мамандық бойынша тест: 2-пән

1. Стереотиптердің пайда болуының психологиялық механизмі негізделеді:

- A) Белгілі әлеуметтік топтарға психологиялық ықпал жасауға
- B) Отбасы деңгейінде психологиялық ықпал жасауға
- C) Күнделікті қолданылатын сөздерді экономдау ұстанымдарына
- D) Күнделікті адами тұрғыда ойлауға сай, күшті орын-орнына қоя бөлу ұстанымына
- E) Күнделікті адами тұрғыда ойлауға сай, күшті экономдау ұстанымына
- F) Шетел мәдениетін жоққа шығару ұстанымына

2. Жоғарыконтекстілі мәдениеттің белгілері:

- A) Ойын ашық білдірмей, бүкпелей сөйлегенде біліктілігі шамалы не ақпаратты нашар деп бағалау
- B) Көпмағыналы паузалар
- C) Наразылығын ашық білдіру
- D) Тура және ашық сөйлеу
- E) Бейвербальды түрде қатынасуға көп мән беру
- F) Талқыланатын барлық тақырыптар мен мәселелерге нақты да тура баға беру
- G) Қатынастың алғашқы кезінде-ақ ақпараттың көп болуы
- H) Бейвербальды түрде қатынасуға көп мән бермеу

3. Конвенционалды ишарат функциясы:

- A) Жораларда қолданылады
- B) Шақыруда қолданылады
- C) Хабарламалардың мазмұнын ашады
- D) Субъекті белсенділігінің өзгеріске түскенінен сигнал береді
- E) Сөз орнына қолданады
- F) Тыйым салуда қолданылады
- G) Адамның эмоционалдық күйін білдіреді
- H) Адамның айналасына баға беруін көрсетеді

4. Аккультурацияның өз мәдениеті және басқа мәдениетпен де бірегейлікте болу стратегиясы:

- A) Ассимиляциялану
- B) Сепарациялану
- C) Инкультурациялану
- D) Маргинализациялану
- E) Әлеуметтену
- F) Интеграциялану

5. Әлеуметтік зона қашықтығы:

- A) 3 м-ден көп
- B) 3,5- 7 м
- C) 60-120 см
- D) 45 см-ден кем
- E) 60 см-ден кем
- F) 120-260 см
- G) 260 см-ден көп
- H) 45-120 см

6. Кінә сезімі дегеніміз:

- A) Бөтен мәдениетте тіршілік ету тәсілі
- B) Басқалар өздерін қалай сезінетінін түсінуге талпыныс
- C) Балалардың ана-анасының жүріс-тұрысын, айтуы мен құндылықтарын өздерінікіндей қылып меңгеру тәсілі
- D) Баланың ересектердің жүріс-тұрысының белгілі моделіне саналы түрде еліктеуге деген талпынысы
- E) Адамның өзі не басқалардың айып, бұрыс деп бағалаған жаңсақ әрекеті, жүріс-тұрысынан туған реніш, күйініш сияқты сезімдердің жиынтығы
- F) Қоғамдық тұрғыда айыпталатын әрекет істегені үшін адамның іштей өкіну, опық жеу сезімдерінің жиынтығы
- G) Инкультурацияның жағымды психологиялық тәсілі

7. Адамның әлеуметтік не этникалық топ мүшесі ретінде өзінің орны мен рөлін, өзінің қабілеттері мен іскери қасиеттерін көрсететін білімі мен түсініктерінің жиынтығы негізінде қалыптасады:

- A) Аккультурациялық бірегейлік
- B) Әлеуметтік тұлға
- C) Іскери тұлға
- D) Тұлғалық бірегейлік
- E) Әлеуметтік бірегейлік
- F) Эгоцентристік бірегейлік

8. Американдық психолог Эрик Эриксон пәнаралық ғылыми айналымға енгізген термин:

- A) Бихевиоризм
- B) Бөтенділік
- C) Аттракция
- D) Имманенттілік
- E) Релятивизм
- F) Бірегейлік

9. Ұжымдық мәдениетті елдер:

- A) Нидерланды
- B) Гватемала
- C) Германия
- D) АҚШ
- E) Корей
- F) Австралия
- G) Венесуэла
- H) Канада

10. Соқырнанымның кең тараған формаларына жатады:

- A) Нәсілшілдік
- B) Фрустрация
- C) Этноцентризм
- D) Клаустрофобия
- E) Гомофобия
- F) Релятивизм
- G) Дискриминация
- H) Гедонизм